

Тәңірберген МӘМИ

"КЕРДЕРІ" ЭТНОМӘДЕНИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В работе анализируется исторический и археологические источники связание с тюрским этносом. Значение этих источников дают возможность комплексно раскрыть культурное наследие тюрков. Значительная часть исследования посвящена Кердеринскому вопросу, одна из направлений тюркских миграции на территории Приаралья. В целом освящается общие этнические и этнокультурные проблемы тюркских народов и изучению их истоков.

Makalede Türk halkıyla ilgili tarihi ve arkeolojik kaynaklar değerlendirilir. Bu kaynaklar Türklerin kültürel mirasını ayrıntılı olarak araştırmaya imkan sağlar. Araştırmanın büyük bölümü Kerderi meselesine ayrılmıştır. Genel olarak Türk halklarının etnik ve etnokültürel problemleri ve okulların kaynakları kaleme alınmıştır.

Түркітану ғылымында сақ, үйсін, қыпшақ, қаңлы, қазақ т.б. ұлыстар мен тайпалар жайлы ғылыми дерекнама қалыптасқанына қарамастан өткені мен бүгінгісінің сабақтастық этногенездік мәселелері шатастығынан кемшін зерттелген. Олардың этномәдени тарихы жан-жақты деректермен пендестірілмегендіктен мардымсыз дәйектелген. Соңдықтан да көпшіліктің тарихи танымының төмендігінен 1976 жылдан жазушы І. Есенберлиннің кітабынан бастап "көшпелілер", "көшпенділер" деген қазақ халқының өткеніне жиіркенішті қарайтын сағым атау, өркениетті қалалары далаға айналып жарнамалық елес болып аспанда қалықтап жүр [1].

Кейінгі әдебиеттерде бұл көшкіндердің басы сиуңдулардан (сюнну Т.М.) бұрын б.ж.с. бұрын III ғасырдан жыу-жыулардан (аварлар Т.М.) бастап, Кушан мемлекетін құрғаны, Хорезмді билегені, тохарлар, эфталиттер, ақ ғұндар (хионниттер), кердерілер (кидариттер) жалғастырған деп пайымдалады [2].

Осы тұрғыда этногенездің кешенді түйіні аталған Арал өңіріндегі 2001 жылы табылған Арал теңізінің кешкен табанындағы "Кердері" мавзолейінің зерттелуі кердері (кидариттер) этносын қайта жаңғырттыруда. Ұлттық тарихымыздың сырт деректерінің сан тілдегі атауларының шырмауына қарамастан "Кердері" мәселесін жан-жақты анықтау үшін археологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және этнологиялық тұрғыда дәйектеу қажеттігі туындайды [3].

"Кердері" атауына байланысты Н. Веселовский, С.А. Аманжолов, М.Тынышпаев, С.П. Толстов деректерінде Хорезм елінің Арал теңізінің оң жағы 1000 жылдары Кердері теңізі болғанын, екі қаланың су астына кеткені жайлы мәліметтер беріліп және ғалымдар Ә.Қоңыратбаев пен Ә. Дербісәлиев "Кердеріні" Хорезм аймақтарының бірі, оны түркілермен шектестіріп, Жанкент осы мемлекеттің кіндік қалаларының бірі деп жазады. I-V ғасырларда Хорезм елін билеген ғұн тайпасын "Кердеріні" ғұндар–эфталиттер тайпаларымен байланыстырғанын және ол арнайы

зерттелмегендіктен бұл этнонимнің тарихы түркология және археологиялық тұрғыдан дәйектеуді қажет етеді [1. 22, 4].

Ғұндар (хунну) түріктердің арғы тегі б.з. д. IV-III ғғ. Қытайдың солтүстік шекараларында тұрған тайпалар топтастығы. Бұл атау И.Бичуриннің жазуынша, ұзаққа шабатын аттың сәйгүлік, күлік мағынасын береді. Археологтардың 1993 жылғы пайымдауынша, ғұндар жабайы Еуропаға ұмтылған көшпелі халықтың мәдениеті сюннумен қатысы жоқ десе, бір жағынан сюннулардың жаулаулары алғашқы қауымдық құрылыс пен өркениеттің тайталасы деп байланыстырған [5].

Ал, 2006 жылғы еңбектерінде, бұрынғы пікірлерін ұлттық мақсатқа ыңғайластырып Хунну мемлекеті деп тақырыптап, сосын хунну (сюнну) деп 24 руға бөліп, ақсақалдары басқарып, мемлекет, күштеу ашпараты ру-тайпалық құрылымды алмастырып жаңа жағдайға әркез икемделіп отырғанын айтқан [6]. Археологиялық деректерде, Сюннулер өлгендерге обалар тұрғызбаған, таспен қоршап сағана жасап ат тұғымен таштап, не өзен арнасы астына жасыратын. Зерттеушілер ғұндар мен сюннулердің әдет-ғұрпы ұқсастығын айтып, Еділ батырды жерлеуді мысал етеді. Сібірде орлық және қима мәдениеттерімен жарғылай отырықшы болғаны, Тағар, Иволгин т.б. ескерткіштердегі Ресей археологтарының зерттеулері әлдеқашан мәлім.

Зерттеуші Қ. Сартқожаұлының дәйектемесінде Ғұндар бітіг (рун) жазуын қолданған. Олардың батысқа қоныс аударған тобын ғылымда "ғұн" "ағғұн" деп атаған. Эфталиттер (ев- қотан (тюр), еI- ел (тюр) Шығыс Түркістан, Әму және Сыр аумағын мекендеген. Әмударияның оңтүстік жағасында болған эфталиттер "қызыл киім", түркілер "қара киім" киіп бірімен-бірі соғысқан [7]. Ғұндар қаңлы тайпаларымен көрші отырады [5, 295]. Ғұлама Ә.Қоңыратбаев Батысқа ауған хұндар эфталитер ақ хұндар кердерілер аталып, "Ақ" сөзі - "Батыстық ел" деген ұғым, эфтал сөзінің түбірі – ұйғал Бейжин, Байсын дейді [8]. Бұл жырларда айтылатын Жиделі Байсын жерінде дегенмен үндес болып тұр.

Орхондағы Білге қаған ескерткішінде Қ.Сартқожаның оқуы бойынша: "Әкем түрік Білге қаған бөдке (тақ киесіне) отырды. Онда игі алты [алачи] алты есірдің (тақ) тоғыз-оғуз киіз туырлықты бектері, халқы ... " деп жазылған [7. 71]. Оларды кейін түркілер десек, түрік - өктем билік, өктем өкімет, өктем төр деген мағына береді. Тұжырымдағанда, түрік төр+өктем деген сөз [7. 52].

Түркітанушы Қ.Салғараның пікірінше, "Түрік" – тұрлардан (турлар Т.М.) тараған жалпы бүкіл ру-тайпалардың атын біріктіретін жалпы атау. "Ік", "БІк" өз алдына су, жинақталған дегенді білдіреді [2. 49]. Оны "түрік" саяси атау деп алғаш рет В.В. Баргольд айтқан болатын [9]. Одан кейінгі тарих саханасына шыққан оғыздар "ішкі оғыздарды сыртқы оғыздарды жи" деп Қорқыт Ата кітабында көрсетілгендей, дария, көл, теңіз жағалауындағыны ғұндар деп атап, өзен, су мағынасын білдіреді [2. 67].

Осындай тарихты дәйектейтін Сырдарияның бойындағы қаңлы, оғыз-қышпақтардың Жетіасар (Л. М. Левина) және “батпақтағы қалалар” (С.П.Толстов) мәдениеттері мен Сауран, Сығанақ, Үзкент, Асанас, Жент, Жанкент және Хора т.б. ертедегі қалаларының этномәдени мәдениеттерінің кердерілерге де қатысы бар [10].

Кердері мәселесінің қарастырылып отырған тарихи-мәдени аумағы - Тұран ойпаты, яғни Еділ Байсын жері. Сол кездері Сырдария мен Әмудария (Яксарт және Окс) Каспий теңізіне құйған. Барса келмес өңірі, Сарқамыс көлі батысында Каспий, шығысында Аралмен шектесіп, Кендірлі, Қаялан, Үстірт, Маңғыстау сияқты үш үлкен жазықтарды алып жатты. Олар арқылы Поволжье, Орал өңірі, Түркістан, Хорезмді, Иран және Ауғанстанды жалғастыратын Ноғай, Үргеніш, Сарайшыққа, Жанкент қалаларына және т.б. өңірлерге баратын керуен жолдары өтті. Сондықтан Арал өңірі этногенездік сұрақтардың шешілер түйіні деп бекер айтылмаған.

XIX ғасырда өмір сүрген Т.Жайлаубаевтың (Қазалы уезінің тұрғыны) жадынамасында: “. . .Ергеректе Арал теңізі болмаған. Сырдария мен Әмудария қосылып, Лаузан Көне Үргеніш Аубагир арқылы Астарахань (Каспий) теңізіне құйған. Қазіргі Арал теңізінің орнында Адаги халқы өмір сүрген. Осы жерде Бай елі көпші қонып жүрген.

...Қарғыстан Арал теңізі пайда болып, патшалығы Үргеніш деп аталып, бірнеше дүркін су басқан. Ақыры айдаһар жұтты...” - деген [11]. Осы шежіреде Арал өңірінде адагей, қатаған, мұғал, ноғай (татар), қалмақ, қарақалпақтар және қазақтар қоныстанғаны жайлы мәліметтер береді.

1900 жылы жазып алған А.Л. Нестеров «адаги» - түрік, шағатай тілінде аралдықтар деген мағынада деп Геродот айтқан Аракс өзеніндегі аралдардағы массагет емес пе деген пікірін білдірген. Оған М. Кожанұлы адайды көптеген зерттеушілердің деректерімен салыстырмалы «арал» - сөзіне жақындастырады [12].

Қазалы қаласындағы шежіреші Әмірзақ Ахметовтың пайымдауынша, “Адаги” - адай руы 12 ата байұлы, Үргеніште Баба Түкті Шапты атаның бір баласы хан болғанын айтады.

Енді мұғалы- моңғол, моғол да басқа халықтардың этнонимі түсінікті. Ал “қатаған” атауы әрқилы тағдырлы үлкен мәселе. Шоқан Уәлиханов үйсіннен тарайтын қойылдардан қатағанды таратса, шежіреші З. Сәдібеков үйсіндерден қойылдар мен алқап деп тармақтап алқаптағылар таза үйсіндер деген [13]. Қазақстан археологиясында (2006 ж.) үйсінді - Орта Азиядағы белгілі асиан этнонимінен, яғниден пығарып, ертеқытай жазуынан қазіргі қытайша юечжи (юэчжи) пығарады.

Ғалым Ж. Әкімнің “Арал Атлантидасы: аңыз бен ақиқат” атты (2005 ж.) мақаласында кердерілер мәселесіне байланысты анықтай түсетін жерлері баршылық. Ол Кердері - ондаған ғасырлардан кейін түріктер оны Кедер деп атап кеткен жер бетіндегі алғашқы пайғамбар - Гесер- Хызыр дейді. Қазақта

қырықтың бірі – Қыдыр. Бақ қонсын, қыдыр дарысын деген бата әлі күнге дейін бар. А. Сейдімбек қазақи танымда : “ Қыдыр – қасы көзін жашқан қарт, Бақ – жас жігіт екен” – деп жазады [1, 238].

Н. Веселовский, В.В. Бартольд және С.П. Толстовтың пікірлерінше, б.д.д. 1 мыңжылдықтағы түрік тайпаларының ішіндегі кердерілер (ұлы “иозылар”), К.Ақышев және басқалардың деректерінде ұлы иозылар-юечжи (үйсіндер). Оған жоғарыдағы жолдар да сәйкес келеді. Ұлы “Изілер” (жүздер) - “иозыларды” үйсіндер ғұндардың көмегімен батысқа ығыстырып және өздеріне қосып алған. Сондықтан да Арал өңірінің шежіресіндегі айтып отырған қатаған - сол кердері екені анық. Оны З.Сәдібеков М.Тынышбаевтың кердерінің тегі Батысқа кеткен юечжи, не Шүршіт дегенін келтіре отырып: “ Кердерінің түбі ескі татардың Жүз (Юз) - Шүршіт деген тайпасынан. Батысқа қарай ауып, Хорезм жерінде аяқ тіреген Жүздер Қидарат деген атқа ие болады. Оның ханы Кердерінің заманында ел соның атымен – Кердері атанып кеткен ”- деп жазған [13. 123-124].

Жоғарыдағы шежірешінің енді бір мәліметінде қаңлы тайпасындағы “... шанышқылының түбі ескі қатаған елі жұртынан. Ол монғолдың қият тармағынан шығады. Қатағанның Шанышқылы тармағы қаңлыға барып паналап, кейін сіңісіп кетеді” – деген [11. 95]. Бұдан шығатын тұжырым қазақ сұраса-сұраса келе қарын бөле болады дегенге келеді. Осыған сәйкес тарихта, III-V ғасырларда қаңлылар Арал өңірінде бытыраңқы иеліктерге айналып, эфталиттердің қол астына көшеді [6. 136]. Демек Арал өңірінің шежірешісінің дерегінде түрік деген атау жоқ. Кердері - қатаған болып халық жадында қалған. Ә. Қоңыратбаев пен Ә. Дербісәлі деректеріндегі Жетіасар мәдениеті мен ертедегі Жанкент қаласын кердерілердің бас қаласы деуінің жөні бар сияқты. Археологтардың зерттеулерінде этникалық мәселелерге жоламай жер атауларын қойып адастырып, оның барысында кімдікі екені белгісіз ететін әдет қапаннан етек алған. Ал Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеушілері Қазақстандық аумақтағы ертедегі Жанкент қаласының өмірін тек қана оғыздық дәуірмен шектейді. Оның мәселесін соңғы жылдары да ресейліктер Мәскеуден келіп жалғастырып қазақтар көпшелі деп, кейінгі орта ғасырдағы деректерін көзге ілмей, оның қалалық мәдениетінің болғандығына күмән келтіреді. Қазіргі кезде жекеленген мәдениеттерге бөлінген жүйеленбеген ұлт пен ру-тайпалардың тарихынан қашқақтаған зерттеулер тоқтамай келеді. Осындай шырмаудан құтқарып зерделейтін мәселелер баршылық.

Бірақ орта ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысындағы тұрғындардың ертедегі Хорезмнен шеткері қоныс аударуымен Кердері (Кардар, Курдар) иелігі пайда болғаны анық дәлелденген [14]. Ол 1960 жылдардағы Қарқалшақстан жағындағы ізденістердің нәтижесінде “Кердері мәдениеті” деген атау пайда болып, зерттеушілер оның негізін жергілікті хорезмдік (афригидтік) және Жетіасарлық мәдениеттер құрайтынын

негіздеген [15]. Қыш ыдыстары кешенінің мерзімделуі VII ғасырдан басталып, тиындық олжалары VII-IX ғасырлардағы осы аудандағы тарихтан хабардар етеді.

Осы тұстас кезеңде Отырар алқабында В.В. Бартольд: "...ал аймақтың басты қаласы Кедер деп аталады және өзеннен жарты фарсах жерде тұрады, бұл жаугер халқы бар жаңа қала болды" десе, оны археологтар IX-X ғасырларда Кедер (Құйрықтөбе, Кердері) Отырар алқабының астана орталығы дәрежесіне көтерілгенін заттай деректермен пендестіреді [9, 233-234; 6].

Кердері иелегіндегі археологиялық зерттеу барысында Бравик қапшамасынан бастап хорезмшахтардың Азқацвара-Абдалаха әкімдерінің тиындары табылған. А.В. Гудкованың 422 дана тиынға жасаған сипатамасында оларда түйелер басы түйеқұсқа ұқсас мүсіндер бейнеленген. Таңбалары қаңлы және ноғайлықтарға ұқсас. Сырдарияның төменгі ағысынан келгендер осындай таңбаларымен қатар екі өркенгі шөккен түйе бейнеленген тәжді билеушілер еді [15, 105]. Мұндай түйелік бейнелер Алматы облысы Қарғалы өзені бойындағы бейітте А.Н. Бернштамның зерттеулерінде б.э. I-II ғасырларына мерзімделсе, содан кейін Ақбешімде VIII ғасырлардағы, тіпті одан да ежелгі төбелесіп жатқан түйелері бейнеленген қола мүсінде Арал өңіріндегі Бесоба бейітінде З.Самашевтың археологиялық зерттеуінде табылған. Сөйтіп, темір дәуіріндегі "аңдық мәнерден" бастау алатын және сак-массагет кезеңіндегі діни-мифологиялық дүниетанымының бір көрінісі [16].

Кердерілерге байланысты жер атаулары да сақталған. Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданындағы елді мекен Кердері деп аталады. XX ғасырдың басында Қызылорда облысындағы бұрынғы Қазалы уезі, Ақтоғай болыстығындағы № 8 әкімшілік ауылының тұрғындары кердері руынан құралған, сонан Кердері құм деген атау қалған [1. 516].

Қобыланды жырындағы оқиғада Самарқанның Жұпар аймағын мекеңдеген Қобылан батыр Барса Келместегі Көбікті дәуге қарсы қол жинайды. Бұл ауыз әдебиетінің мұрасымен пендестіріліп, ноғайлы дәуіріне XV-XVI ғасырларға сәйкес келіп отыр. Өйткені бұл жер Арал өңірінде табылып жатқан қалалардың жанында. Оны топонимдік, антропотопонимдік деректеріндегі, Отырар алқабындағы ортағасырлық Кедер (Құйрықтөбе, Кердері) қаласы, Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Керделі ауылдық округі атаулары және ғұндардың кезеңінен осы күнге дейін Кердері руының сақталуы бұл этностың тарихилығын айғақтайды [3].

Кердері руы бір кездері ноғайлыға қарап, кейін алшындарға қосылып, қазіргі кезде Жетірудың құрамында. Ұраны - Қожахмет пен Мәмбет, таңба атаулары шөміш пен тостаған. Бірақ Шөмекей руының таңбасымен аттас болғанымен салынымдары бөлек [3. 655; 13. 123].

Қызылорда облысындағы дәйекті зерттелген бүгінгі күнге қызмет ететін мәдени мұралардың бірі - ежелгі Асанас қаласы. Оның этнонимін К.А. Ақышев, К.М. Байпаков және Л.Б. Ерзакович Ясы, Асса (Аса), Аснас, Асар топонимдерімен баламалап, бағзы замандардағы Аси тайшаларымен шендестірген [17].

Ертедегі Асанас қаласын 1990-2006 жылдардағы археологиялық зерттеу барысында бұрынғы және кейінгі қазба деректеріне сүйене отырып қаланың мәдени қабаттары төмендегідей мерзімделіп сараланды:

1. Жетіасар мәдениеті. Қаңлылар мен кердерілер билеу дәуірі .Б.э.д. VII-б.э. VII ғғ.
2. Батпақтағы қалалар мәдениеті. Оғыздардың билеу дәуірі. VIII-XI ғғ.
3. Түркілер мәдениеті. Қарлық, Қышпақ, Хорезм мемлекеттерінің билеу дәуірі. XI- XIII ғғ.
4. Алтын Орда мәдениеті. Монғолдар дәуірі билігі. XIII-XV ғғ. [18].

Сонымен бірге одан кейінгі ғасырлардағы қала өмірін жоққа шығаруға болмайды. Жоғарыдағы мерзімдеу мен дәуірлеуде бұрынғы қалыптасқан жүйедегі көзғарастарға қарамастан, бұл жалпы Түркі дүниесінің құндылықтары болып табылады. Бұл мәдени мұраның этномәдени тарихын Арал теңізінің кешкен табанынан табылған археологиялық ескерткіштерді жан-жақты зерттеуде салыстырмалы қолдануға болады.

Әлемдік өркениеттегі түркі халықтарының орнын сараштағанда Сақ, Үйсін, Оғыз, қаңлы, қышпақ, қимақ, қарлық және монғол т.б. сияқты атаулармен салыстырмалы елдік тарихымызда Кердерілердің рөлі де кемшін еместігін білуге болады. Біз, мүмкіндігінше зерделеген кердерілер бір кездері, ұлы иозылар, үйсін, қатаған, қаңлы, шанышқылы, ноғайлы және Жетіру болып аталғанына қарамастан, олар қай халықтың ішіне кірсе де жіктеліп бөлінбеген бірегей табиғи ортада, қазіргі Алтайдан Еділге дейінгі ата мекенінде (Еділі Байсын жерінде) Түркі әлемінің кеңістігінде өмір сүрген. Түркі өркениетінің дүние жүзінің тарихындағы орнын анықтауда кердерітанудың да маңызы бар. Мұндай тектілік шежіре қазақтың қай руының тарихында да кездеседі. Сөйтіп мұндай руларға бірігуі шынайы және жалған туыстық жүйесін құрау арқылы қоғамдасқан, әлеуметтік, шаруашылық, әскери тұрғыда ұлттық тұтастану этнос ынтымақтасып ел болып бірігуге басқарылуына қызмет етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу.- Астана: Фолиант, 2008.- 28 б.
2. Салғара Қ. Түріктер.Астана. -2007.-34-б.
3. Мәмиев Т. "Кердері" мавзолейі, Алматы, 2002 , 86 б.
4. Смагулов Е. А. Находка и исследование мазара на дне Аральского моря // Отан тарихы, 2001 , Б.77-81; Мәмиев Т. Кердері мавзолейін археологиялық зерттеу // ҚР БҒМҒА хабарлары , 1, 2002. ИССЛЕДОВАНИЯ ПОСЕЛЕНИЯ АРАЛ-АСАР И МАВЗОЛЕЯ

КЕРДЕРИ, Рукопись, Алматы, 2006). (Воякин Д.А. Поселение Арал – Асар и мавзолей

Т.Мәми. «Кердері» этномәдениетінің мәселелері.

Кердері 2 // Астана қаласының 10- жылдық мерейтойына арналған “Көшпенділер

өркениетіндегі дала қалаларының орны” атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары . Астана қ. 2 шілде, 2008.- Астана , 2008.- С.344-337).

5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы, Алматы, 1991.-114-б.
6. Дербісәліев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995,- 164-б.
7. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж. К. Жумагамбетов Т. Археология Казахстана, Алматы.- 1993.- С.158.
8. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж. К. Археология Казахстана, Алматы.- 2006.- С.139.
9. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі, Астана , 2007.-33-52 бб.
10. Қоңыратбаев Ә. Сырдың тарихи, мәдени ескерткіштері // Қазақ әдебиеті. 1982, 17 шілде.
11. Бартольд В.В. Сочинение.Т.І, Ч.І, Москва.-1963.- С.79.
12. Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья , Москва, 1996, С. 5-6; Толстов С.П. Города гузов // СЭ, № 3, 1947, С. 66-80
13. Нестров А.Л. Прошлое приаральских степей в преданиях киргиз Казалинского уезда // ЗВОРАО, Т.12, Санкт- Петербург. 1900. - С. 95-105
14. Қожанұлы М. Кіші жүз шежіресіндегі кейбір ру, тайпалары туралы бірер сөз // Қазақ шежірелері және Ұлттық таным мәселелері . Алматы. 2005.-96-б.
15. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент.- Узбекистон.- 1994.-35-36 бб.
16. Ягодин Н. В. К. вопросу о локализации Кердера // ВКФ, 1963, №2 (12), -С. 67
17. Вайнберг Б.И. Удельный чекан раннесредневекового Кердера // Антропология и культура Кердера. Ташкент. Фан.- 1973- С.102. Акишев Қ,А., Байпаков К.М. Ерзакович Л.Б. Древний Отрар.Алма-Ата.-1972.-31-32.
18. Самашев З. Древние всадники Западной Азии // Орталық музей еңбектері, Алматы “Ғылым”- 2004.-262-264, рис. 44.
19. Мәми Т. Ертедегі Асанас қаласы. Қызылорда.- 2006.- 64 бб.
20. Мәми Т. Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII- XVIII ғғ.). Қызылорда.- 2007.- 68 б.

REZUME
Т.МАМИ (Astana)

PROBLEMS OF ETHNIC CULTURE ‘KERDERI’

In this work are analyzed historical and archeological sources involved with turkic ethnosc. The sources give a great opportunity to search complexly cultural legacy of turkic people. The significant part of researches are devoted to questions of Kerderi, one of the direction of turkic migration in territory of Priaralye. In target coverage to general ethnical and ethno-cultural problems of turkic nation and to search their sources.